

2015 жылға тұқым шаруашылығын дамытуға субсидия көлемдерін белгілеу туралы

Алматы облысы әкімдігінің 2015 жылғы 18 мамырдағы № 216 қаулысы. Алматы облысы Әділет департаментінде 2015 жылы 09 маусымда № 3204 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 37-бабының 1-тармағына және "Тұқым шаруашылығын дамытуды субсидиялау қағидаларын бекіту туралы" 2014 жылғы 12 желтоқсандағы № 4-2/664 Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрі бұйрығымен бекітілген Қағидаларының 5-тармағына сәйкес, Алматы облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес Алматы облысы бойынша 2015 жылға тұқым шаруашылығын дамытуға субсидия көлемдері белгіленсін.

2. "Алматы облысының ауыл шаруашылығы басқармасы" мемлекеттік мекемесі субсидиялауды қаржыландыруды тиісті қаржы жылына арналған облыстық бюджетте көзделген қаражат шегінде жүзеге асырсын.

3. "Алматы облысының ауыл шаруашылығы басқармасы" мемлекеттік мекемесінің басшысына осы қаулыны әділет органдарында мемлекеттік тіркелгеннен кейін ресми және мерзімді баспа басылымдарында, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған интернет-ресурста және облыс әкімдігінің интернет-ресурсында жариялау жүктелсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің орынбасары С. Бескемпіровке жүктелсін.

5. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Облыс әкімі

А. Баталов

Облыс әкімдігінің 2015 жылғы "18" мамырдағы "2015 жылға тұқым шаруашылығын дамытуға субсидия көлемдерін белгілеу туралы" № 216 қаулысына қосымша

Алматы облысы бойынша 2015 жылға тұқым шаруашылығын дамытуға субсидия көлемі

№	Аудан және қалалар атауы	Ауыл шаруашылық дақылдарының атауы, тонна, дана					
		бидай	арпа	күріш	жүгері	қытай бұршақ	мақсары
1	2	3	4	5	6	7	8
1	Ақсу		29,9		7,0	9,1	0,18

2	Алакөл		58,8		2,1	21,2	0,89
3	Балқаш		2,8	70,2	21,3	0,1	0,13
4	Еңбекшіқазақ	10,7	24,4		302,0	9,5	0,07
5	Ескелді	48,4	38,8		12,0	13,4	0,07
6	Жамбыл	74,9	59,7		8,4	1,3	0,57
7	Іле	35,7	28,6		73,2	2,1	1,76
8	Қарасай	22,2	12,9		7,0	0,7	0,06
9	Қаратал		3,7	29,3	15,6	2,2	0,15
10	Кербұлақ	141,9	123,2		3,7		0,59
11	Көксу	18,1	10,7		7,9	10,7	0,07
12	Панфилов	2,3	1,4		355,8		
1	2	3	4	5	6	7	8
13	Райымбек	37,3	20,9				
14	Сарқан	106,3	52,4		4,2	20,7	1,96
15	Талғар	39,5	16,4		30,8	3,5	0,28
16	Ұйғыр	1,9	3,7		148,6		
17	Қапшағай	2,7	5,5		6,3	1,9	0,22
18	Талдықорған	0,1	1,6		0,6	2,4	
19	Текелі		0,9		0,3	0,1	
	Барлығы:	542,1	495,8	99,5	1006,6	98,8	7,0

Кестенің жалғасы

Ауыл шаруашылық дақылдарының атауы, тонна, дана						Субсидия көлемі, мың теңге
картоп	қант қызылшасы	бұршақты көпжылдық шөптер	жеміс-жидек дақылдарының (квота)	көшеті	жүзімнің көшеті (квота)	
9	10	11	12	13	14	
82,6	1,057	5,3				11 217,94
81,9		1,8				8 445,62
30,2						9 438,69
295,7			95577		14000	74 677,01
298,3	1,3		45000			32 905,48
165,8						15 600,96
78,5						16 326,69
506,0						36 818,29
38,9		3,3				8 026,72
311,4						27 915,09
49,7	1,1					7 128,92
72,2	3,241					53 695,09
9	10	11	12	13	14	
1001,7		10,4				70 821,78
47,0	1,0					9 578,55
466,0			126365			55 344,47
17,0			42320			26 166,06
11,8						1 857,17
38,3	0,02					2 869,04
12,2						907,41

3605,9	7,6		309262	14000	469 741,0
--------	-----	--	--------	-------	-----------

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК